

Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 қаңтар N 137

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржы қаражатына қол жеткізуін қамтамасыз ету және тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. (1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 645 қаулысымен).
2. "Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен құрылсын.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2001 жылы:
"Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін "Аграрлық несие корпорациясын құру туралы" N 40 бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен 150 000 000 (жүз елу миллион) теңгесомасында қаражат бөлсін;
"Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының несиелік ресурстарын қалыптастыру үшін көздер қарастырсын.
4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
"Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының жарғысын бекітсін;

мемлекеттік тіркеуден кейін "Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берсін;
осы тармақтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. (5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 645 қаулысымен).
6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне мемлекеттік меншіктің түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына және "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және республикалық меншіктегі ұйымдардағы мемлекеттік үлестерге иелік ету және пайдалану бойынша құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына тиісті толықтыру әзірлесін және бекітуге енгізсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрі А.С. Есімовке жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 276

қ а у л ы с ы м е н

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 5 қ а ң т а р

N 1 3 7 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып ауыл шаруашылығы өндірісіне несие берудің

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ

Жобаның мақсаты: Ауыл шаруашылығы өндірісіне несие беру жүйесін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің қаржылық қаражатын тарту және осы мақсатқа бөлінетін мемлекеттік несие ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ұйымдастыру.

Жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері

1. Пилоттық жоба (бұдан әрі - Жоба) екі кезеңде іске асырылады, оның әрбіреуі республикалық және аймақтық деңгейге сай қаржы институттарын құруға бағытталған іс-шаралардың кешенін орындауды көздейді.

2. Бірінші кезеңнің іс-шараларын іске асыру мамандырылған қаржы институты - Аграрлық несие корпорациясын құруға бағытталған.

3. "Аграрлық несие корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен жабық акционерлік қоғам нысанында құрылады.

4. Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы 150 000 000 (жүз елу миллион) теңге мөлшерінде қалыптасады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Корпорацияға 9 000 000 (тоғыз миллион) дейінгі АҚШ доллары сомасында несиелік ресурстарды береді. Несиелік ресурстар Корпорацияға сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша бес жыл мерзімге беріледі.

5-1. Корпорация республикалық бюджет қаражатын Жобаны және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық

азық-түлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде пайдаланады. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 276

қ а у л ы с ы м е н

6. Корпорация несие операцияларын жүргізудегі өз қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырады және тек ауылдық несие серіктестіктеріне несие береді.

7. Жобаның екінші кезеңінде аймақтық қаржы институттарының - ауылдық несие серіктестіктерінің желісін құру көзделеді.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың әкімдері және Корпорация ауылдық несие серіктестіктерін құру жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

9. Ауылдық несие серіктестіктерін құру ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді тиімді және/немесе қайта өңдеуді жүргізетін өңірлерде пайдалы, экономикалық тұрғыдан өзін ақтайтын аграрлық өнеркәсіп кешені секторларында жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 276

қ а у л ы с ы м е н

10. Ауылдық несие серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Корпорацияның уәкілетті органы ретінде Корпорацияның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде мынадай т а л а п т а р д ы :

1) Серіктестіктің ықтимал қатысушыларына (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне) :

- Серіктестіктің ықтимал қатысушылары Серіктестіктің жарғылық капиталына жарнаны тек қана ақшалай енгізуді, бұл ретте заңды тұлғалар үшін - өз қаражаты шегінде; жеке тұлғалар үшін - алынған таза табыс есебінен енгізуді;

- Серіктестік құрылған кезде Серіктестіктің ықтимал қатысушыларында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және/немесе қайта өңдеу саласындағы қызметінің үш жылдан кем емес мерзімі болуын;

- қолда бар жылжымайтын мүлікке тиісті үлгіде ресімделген құжаттарының болуын ;

- өндірістік-қаржы қызметі орнықтылығының болуын;

- олар өндіретін өнімнің жалпы көлемінің кемінде 50 пайызы ауыл шаруашылығы өнімін құрайтын өндірістің жүзеге асырылуын;

- ауыл шаруашылығы өнімінің қайта өңделуін және сатылуын көздесін; <*>

2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің үлесі Серіктестіктің жарғылық капиталының кемінде 50 пайызын, ал олардың саны 20 қатысушыны құрауы тиіс;

3) Серіктестіктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері кемінде 3 000 000 (үш

миллион) теңгені құрауы тиіс;

4) қатысушының ең төменгі жарнасы 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді. Серіктестікті басқаруға қатысу - Серіктестіктің жарғылық капиталына төленген жарнаға бара-бар.

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 276

қ а у л ы с ы м е н

12. Корпорация құрылатын Серіктестіктердің жарғылық капиталына өзінің жарғылық капиталының қаражаты есебінен қатысады. Бұл ретте Серіктестіктердің жарғылық капиталындағы Корпорацияның үлесі бастапқы кезеңде үлесін немесе оның бөлігін Серіктестіктің басқа қатысушыларына немесе оған жаңадан қабылданғандарға сату арқылы, Серіктестіктердің қолданылып жүрген жарғылық капиталындағы Корпорацияның үлесін бірте-бірте азайту шартымен кемінде 35 пайызды құрауға тиіс.

13. Корпорация заңнамада белгіленген тәртіппен Серіктестіктердің қызметін басқаруға қатысады.

Серіктестіктердің несие ресурстарын қалыптастыру көздері

14. Серіктестіктің бастапқы айналым капиталы:

- Серіктестіктің жарғылық қорының сатып алынған үлесінің төлеміне енгізілетін Серіктестік қатысушыларының жарналары;

- Корпорация бөлетін жеңілдік беретін несие ресурстары;

- Серіктестіктің қатысушыларында болатын бос ресурстар;

- Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражаттың есебінен қалыптасады.

15. Серіктестіктерге Корпорацияның несие ресурстары қайтарымдылық, ақылы және мерзімділік шартында бөлінеді.

Несие ресурстарының қайтарымдылығын қамтамасыз ету

16. Серіктестік қатысушыларына бөлінетін несие ресурстарының қайтарымдылығын қамтамасыз ететін тәсіл:

- Серіктестіктің қатысушылары берген өтімді кепілді несие мүлігі;

- Серіктестіктің кемінде 2 қатысушысының кепілгерлігі, бұл ретте кепілгерлер несие алушы бола алмайды;

- екінші деңгейдегі банктің тиісті түрде ресімделген кепілдік хаты;

- қолданылып - жүрген азаматтық заңнамада көзделген өзге де тәсілдер болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК